

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### 2024 жылдың қорытындысы бойынша отандастарымыздың инвестициялық кірісі зейнетақы жарналарының көлемінен асып түсіп, 3,4 трлн теңгеге жетті

2024 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – ҚРҰБ) сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен инвестициялық кіріс **3,4 трлн теңгеге** жетті. Бұл шамамен **2,8 трлн теңге** болатын зейнетақы жарналарының жалпы көлемінен асып түсті. 2024 жылғы инвестициялық кіріс өткен жылмен салыстырғанда өсім көрсетті: 1,8 трлн теңге немесе 114,5%.

Міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен салымшылар мен алушыларға **3,3 трлн теңгеден** астам инвестициялық кіріс түсті. Бұл шамамен **2,6 трлн теңге** болатын осы жарналардың көлемінен артық.

2024 жылы жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) бойынша инвестициялық кіріс **231,2 млрд теңгеден** астам жарналар көлемінде **26,4 млрд теңгеден** асты.

2024 жылы ҚРҰБ басқаруындағы МЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ есебінен қалыптасқан БЖЗК зейнетақы активтерінің кірістілігі 17,84% болды, ал 2024 жылғы инфляция мөлшері 8,6% көрсетті. БЖЗК-ның ЖМЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерінің кірістілігі жыл қорытындысы бойынша - 17,96%.

Инвестициялық кіріс қаржы құралдары (бағалы қағаздар, салымдар және басқа операциялар) бойынша сыйақы түріндегі кірістерден, қаржы құралдарын нарықтық және валюталық қайта бағалаудан, сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістерден және т. б. тұрады. ҚР Ұлттық Банкі және инвестициялық портфельді басқарушылар (ИПБ) инвестициялық портфельді үнемі әртараптандырып отырады. Яғни, зейнетақы активтері түрлі қаржы құралдарына, валюталарға инвестицияланып, нарықтағы жағдайға қарай үнемі қайта бөлініп орналастырылады. Қордың [enpf.kz](http://enpf.kz) сайтына ай сайын орналастырылатын ҚР Ұлттық Банкінің инвестициялық қызметіне жасалған [шолуда](#), 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кірістер құралдардың барлық түрлері бойынша алынғандығы көрсетілген. Инвестициялық кіріс және зейнетақы активтерін ИПБ-лардың басқаруы туралы [ақпарат](#) ай сайын [enpf.kz](http://enpf.kz) сайтына орналастырылады. Әрбір салымшының [enpf.kz](http://enpf.kz) сайтындағы немесе ұялы қосымшадағы жеке кабинетінде өзінің инвестициялық кірісін көруге мүмкіндігі бар.

1998 жылы жинақтаушы зейнетақы жүйесі құрылған сәттен бастап 2025 жылғы 1 қаңтарға жинақталған инвестициялық кірістіліктің біртіндеп өсу қорытындысы 979,95% тең болды. Ал бүкіл кезеңдегі инфляция - 827,78 %.

*БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).*